

**«Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша
білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ 2024-2025 оқу жылдарының педагог-психолог
жұмысының жылдық талдау есебі**

Педагог-психолог қызметінің мақсаты: Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сактау. Орта білім беру үйімдарында колайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процесіне катысушыларға психологиялық қолдау көрсету. Жеке тұлғаны мүмкіндітері мен қызығушылықтарына сәйкес өзін-өзі жетілдіру үшін психология-педагогикалық жағдаймен қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптасу.
2. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қындықтары мен проблемаларын шешуге психологиялық бағыт беру және түзету жұмыстарын жүзеге асыру.
3. Білім беру процесіне катысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Бағыттар бойынша педагог-психолог қызметінің нәтижесі:

Диагностикалық бағыт:

Жылдың басында жылдық жоспар құрылыш, ата-аналармен психологиялық жұмыстың жүргізуіне арналған келісім шартқа қол қойылды.

Есепте тұрған оқушыларды кезекті педагогикалық-психологиялық медициналық комиссиядан өткізу жұмыстары жүргізілді.

1 сынып оқушыларынан мектепке бейімделуін зерттеу, бақылау, мектепке дайындығын анықтау тесті (Керн-Йирасек әдістемесі) алынды.

5 сынып оқушыларының орга буынға бейімделуін анықтау мақсатында А.М.Прихожанның жеке мазасыздық тесті алынЫп, тест нәтижесі бойынша мазасыздық анықталған оқушыларға көнестер беру жұмыстары жүргізілді.

5-11 сынып оқушыларына зорлық-зомбылықты анықтау және алдын-алу бойынша сауалнама алынЫп, «Зорлық-зомбылық дегеніміз не, қандай түрлері болады, одан қалай қорғануға болады?» атты тренинг өткізілді.

5-11 сынып оқушыларына «Буллингті анықтау» мақсатында диагностикалық тест алынды. Тест нәтижесі бойынша балаларға, ата-аналар мен сынып жетекшілеріне көнестер айттылды.

5-11 сынып оқушыларына құқық бұзушылықтың анықтау және алдын-алу мақсатында сауалнама алынды және тәрбие ісінің орынбасары, бала құқығын корғау инспекторымен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

11 сынып оқушыларынан «Мамандықты қалай таңдаймыз?» сауалнамасы алынды.

10 сынып оқушыларынан «Көсіптік таңдау» Дж. Голландтың мамандық таңдау мақсатында сауалнама алынып, нәтижесі бойынша әр оқушыға кәсіптік бағдар берілді.

7, 8 «а,ә» сынып оқушыларына «Өмірдің мәні неде?» атты эссе жазу өткізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша әр оқушының жеке құндылықтары мен өмірлерінің мәні неде екені анықталды.

7, 8 «а,ә» сынып оқушыларына мектептегі оқушылар арасындағы қарым-қатынасты, зорлық-зомбылық, буллинг, өзекті мәселелерді, оқушы мен мұғалімдер арасындағы, «Менің сынып жетекшім» атты қарым-қатынасты анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі өндөліп, оқушыларға, сынып жетекшілері, пән мұғалімдері мен ата-аналарға ұсыныстар айтылды.

Түзету-дамыту қызметі:

5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін анықтау «Қарым-қатынас шеберлігі» ұйымшылдыққа бағыттау мақсатында тренинг өткізілді. Тренинг барысында «Сағат тілі», «Жақсы қасиеттер», т.б ойындар өткізілді.

Ерекше оқытууды қажет ететін оқушылармен психологиялық, танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында жартыжылдық соңында үйіне барып диагностикалық, түзету, психологиялық жағдайын бақылау жұмыстарын жүргізілді. Жартыжылдық корытынды есеп жазылды.

5,6,7 сынып оқушыларына білім алушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тренинг өткізілді. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша мини лекция, кенестер берілді.

Кенес беру бағыты:

Сұраныс бойынша оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге кенес беру жұмыстары жүргізілді. Кенес беру журналына тіркелді.

Ата-аналарға жеке психологиялық кенес беру және ата-аналар жиналысына қатысу (бала тәрбиесі бойынша жеке сұраптар сұраныс бойынша), ата-аналарға бала психологиясы мен темпераментіне байланысты, жасөспірімдік кезеңге байланысты кенестер айтылды.

11 сынып оқушыларына жылдың ортасында «ҰБТ ға дайындалудың тиімді жолдары» және «Өзіннің эмоцияларынды қалай басқаруға болады?» атты тренингтер өткізілді.

Мамыр айында алаңдаушылықтан арылу мақсатында «Сілкіп тастау» жаттығуы, «Менің болашағым жарқын» атты тренинг өткізілді.

Сұраныс бойынша жеке кенес беру жұмыстары жүргізілді.

Атқарылған жұмыстар тіркеу журналына тіркелді.

Алдын-алу қызметі:

Ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында: 5- 11 сыныптың қыздарына «Қызға қырық үйден тыйым» атты мини лекция өткізілді.

5-9 сынып орта буын оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстарын жүргізу. «Ойлан!», «Тоқта!», «Ақылға сал!» тренинг өткізілді. Әлеуметтік педагогтың қатысуымен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында балаларға мини лекция өткізілді.

Қыздарға психологиялық көмек, ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты баяндама оқылып, түсіндірмелік жұмыстар жүргізілді.

Суицидтің алдын-алу мақсатында мектеп оқушыларымен «Өмірдің мәні неде?» атты эссе жазу. Мектеп оқушыларына анонимді сенім телефондары жайлы акпарат айтылды.

Мектеп медбикесі, тәрбие ісінің орынбасары, бала құқығын қорғау инспекторымен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

Ағартушылықтың жұмыс:

1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін зерттеу, бақылау, мектепке дайындығын анықтау тесті (Керн-Йиразек әдістемесі), баланың зияткерлік-танымдық қабілеттерін анықтау (Векслер әдістемесі) бойынша балалардың мектепке дайындығын анықтау тесті бойынша интерпритациясы жасалып, мұғалімдерге ұсыныстар айтылды, ағартушылық жұмыстар жүргізілді.

Көктем айында түлектерге «ҰБТ ға психологиялық дайындалу» атты видео жіберілді.

Жасөспірімдік арасындағы суицидтің алдын-алу мақсатында сенім телефондары туралы акпарат беру жұмыстары жүргізілді.

11 сынып оқушыларына «ҰБТ-ға қалай жақсы дайындалуға болады?» мини-лекция өткізіліп, мамандық таңдау, ҰБТ ға ұтымды дайындалу жолдары жайлы кенес беру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп медбикесі, ТЖҰ, бала құқығын қорғау инспекторы мен әлеуметтік педагогпен бірлескен жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналар жиналышына қатысу, жеке психологиялық кенес және бала тәрбиесі бойынша жеке кенес беру жұмыстары жүргізілді.

Тәжірибе алмасу, тренинг, шебер сынып көрсету мақсатында аудандық семинар, облыстық семинарға қатысу үйымдастырылды.

Мектеп психологы: Женисбекова Мадина Сериковна